

**"Парниктік газдар шығарындыларына квоталар беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 18 наурыздағы № 216 бұйрығына және "Парниктік газдар шығарындыларына квоталарды өзгерту және парниктік газдар шығарындыларына сертификатты қайта ресімдеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 18 наурыздағы № 217 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 16 шілдедегі № 486 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 30 шілдеде № 11797 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2016 жылғы 30 шілдедегі № 363 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Энергетика министрінің м.а. 30.07.2016 № 363 бұйрығымен**

### **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) «Парниктік газдар шығарындыларына квоталар беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 18 наурыздағы № 216 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2015 жылы 6 мамырда № 10905 болып тіркелген «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 19 мамырда жарияланған):  
көрсетілген бұйрықпен бекітілген Парниктік газдар шығарындыларына квоталар беру қағидаларында:

Қағидаларының 2-қосымшасы осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2) «Парниктік газдар шығарындыларына квоталарды өзгерту және парниктік газдар шығарындыларына сертификатты қайта ресімдеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 18 наурыздағы № 217 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 10961 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 19 мамырда жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Парниктік газдар шығарындыларына квоталарды өзгерту және парниктік газдар шығарындыларына сертификатты қайта ресімдеу қағидаларында:

5-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген жағдайларда, табиғат пайдаланушы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) есептік кезең ішінде, бірақ тиісті Ұлттық жоспардың қолданылуы соңғы жылының 1 қазанынан кешіктірмей мынадай құжаттарды:»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Өтініш беруші бұрын берілген парниктік газдар шығарындыларына квоталар көлемін қайта қарау үшін уәкілетті органға есептік жылға парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы расталған есепті бергеннен соң құжаттарын береді. Уәкілетті орган парниктік газдар шығарындыларына бұдан бұрын берілген квоталар көлемін қайта қарауға өтінішті өтініштің келіп түскен күнінен бастап бір ай мерзім ішінде қарайды және квотаның жалпы көлемін көрсете отырып, бұдан бұрын берілген сертификатты Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңіне қайта ресімдейді. Квоталардың қосымша көлемі Ұлттық жоспардың квоталар көлемі резервінен беріледі.»;

мынадай мазмұндағы 7-1 тармағымен толықтырылсын:

«7-1. Квоталардың қосымша көлемі есептік кезең ішінде таралады.»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Уәкілетті органға ұсынылған құжаттардың толық еместігі және дәйексіздігі, осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес тәуелсіз аккредиттелген ұйым растауының болмауы және парниктік газдар шығарындыларына бұрын берілген квоталардың көлемін қайта қарауға құжаттарды белгіленген мерзімнен (тиісті Ұлттық жоспардың қолданылуы соңғы жылының 1 қазанына дейін) кеш беру бұдан бұрын берілген квоталар көлемін өзгертуден және қайта қараудан бастартуға әкеп соғады.».

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Климаттың өзгеруі жөніндегі департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты алғаннан кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында

о р н а л а с т ы р у д ы ;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрі *В. Школьник*

« К Е Л І С І Л Д І »

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
міндетін атқарушы  
Т. Жаксылыков

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2015 год

Қазақстан Республикасы  
Энергетика министрінің  
2015 жылғы 16 шілдедегі  
№ 486 бұйрығына қосымша  
Парниктік газдар  
шығарындыларына квоталар  
беру қағидаларына  
2 қосымша  
нысан

(парниктік газдар шығарындыларына сертификат беретін органның атауы)

## **СЕРТИФИКАТ**

### **Парниктік газдар шығарындыларына**

Осы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 94-3-бабына сәйкес берілген сертификат \_\_\_\_\_

(қондырғы операторының атауы)

БСН \_\_\_\_\_

(заңды мекенжайы)

Өндірістік объектінің (қондырғының) атауы

Қызмет түрлері көрсетіледі

парниктік газдар шығарындыларын қысқарту мақсатында оның міндеттемелерін орындау үшін парниктік газдар шығарындыларына және

\_\_\_\_\_ жылы \_\_\_\_\_ тонна;

\_\_\_\_\_ жылы \_\_\_\_\_ тонна;

\_\_\_\_\_ жылы \_\_\_\_\_ тонна;

\_\_\_\_\_ жылы \_\_\_\_\_ тонна.

\_\_\_\_\_ мөлшерінде, көміртегі бірліктерін саудалауға қатысуға рұқсат алғандығын \_\_\_\_\_ куәландырады.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 94-4-бабының 1-тармағына сәйкес есептік кезеңге.

Сертификатты беру мерзімі: \_\_\_\_\_ жылғы « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_.

Тәуелсіз аккредиттелген ұйыммен расталған парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуіріне дейінгі мерзімде ұсынылады.

Мониторинг \_\_\_\_\_ сәйкес жүргізіледі

*(Қондырғыға қолданылған мониторинг стандарттарын көрсетуімен мониторинг талаптары (қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен әдістемелер))*

Жетекші (уәкілетті тұлға) \_\_\_\_\_

(қ о л ы)

(Т. А. Ә.)

М. Ө.

\_\_\_\_\_ қаласы Берілген күні \_\_\_\_\_